



Сыр бойы

№181-182 (21057-21058) 29 қараша, сенбі 2025 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboy.kz

www.instagram.com/syrboy_kz

t.me/syrboy_kz

twitter.com/syrboyi

/// ПРЕЗИДЕНТ

ӘКІМНІҢ ЕҢ БАСТЫ МІНДЕТІ – ТҰРҒЫНДАРДЫҢ ТҰРМЫС САПАСЫН АРТТЫРУ

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ АУЫЛ ӘКІМДЕРІНІҢ ДИАЛОГ-ПЛАТФОРМАСЫНДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Құрметті ауыл әкімдері!

Бүгінгі жиынның мән-маңызы айрықша. Еліміздегі барлық деңгейдегі атқарушы билік өкілдері осы жерге арнайы шақырылды. Ауыл әкімдерінің басым көпшілігі, яғни 80 пайызы осында. Жалпы, осындай ауқымды құраммен алғаш рет бас қосып отырмыз.

Шын мәнінде, тақырып – өте өзекті. Ауылдың жағдайы – еліміз үшін стратегиялық маңызы бар мәселе. Себебі халқымыздың тамыры – ауылда. Ауылдарымыз мықты болса, еліміз де берекелі болмақ. Сондықтан ауыл әкімдеріне қойылатын талап та, оларға жүктелетін міндет те әрдайым ерекше.

Әкім – ең алдымен, халықпен тікелей жұмыс істейтін мемлекеттік қызметші. Бұл – өте жауапты жұмыс. Ауыл әкімі ауылдың болмысын, ауылдағы ағайынның өмірін жете түсінетін нағыз іскер маман болуы керек. Жаңа ғана бірнеше әкімнің сөзін тыңдадық. Айтылған ой-пікірлерді және ұсыныстарды мұқият зерделеп, жұмыс барысында міндетті түрде ескеру қажет.

Баршаңызға мәлім, 2019 жылдан бері елімізде ауқымды саяси реформалар жүргізіліп жатыр. Қазақстан жаңа тұрпатты ел болу үшін тарихи бетбұрыс жасады. Ең алдымен, елдегі түбегейлі өзгерістердің құқықтық негізін қалыптастырдық. Саяси үдерістерді жаңғыртуда арналған 20-ға жуық заң қабылданды. Жалпыхалықтық референдум арқылы Ата Заңымызға түзетулер енгізілді. Парламенттің құзыреті кеңейді, атқарушы биліктің жауапкершілігі күшейді. Саяси партиялардың рөлі артып, жұмысы жандана түсті. Сондай-ақ партияларды тіркеу талаптары едәуір жеңілдеді. Нәтижесінде Мәжілістегі саяси партиялардың саны көбейді.

Билік жүйесінде жаңа институттар пайда болды. Конституциялық Сот құрылды. Адам құқықтары жөніндегі уәкілге конституциялық мәртебе берілді. Кассаиылық сот жүйесі жұмыс істей бастады. Осылайша, біз еліміздің саяси өмірінде бұрын-соңды болмаған бірегей өзгерістерді жүзеге асыра бастадық. Қазақстан бұл саяси кеңістікте дәл осындай кең ауқымды реформаларды қолға алған бірден-бір ел деп сеніммен айта алады. Соның арқасында азаматтарымыз мемлекеттік маңызы бар шешімдер қабылдауға белсене атсалыса бастады.

2020 жылы халыққа Жолдауымда ауыл әкімдерін тікелей сайлау туралы бастама көтергенімді білесіздер. Бұл мемлекетті басқару ісін түбегейлі жаңғырту жолындағы аса маңызды қадам болды. Себебі жергілікті әкімдер бүкіл билік жүйесінің тірегі саналады. Сондықтан біз орынсыз асығыстыққа жол берген жоқпыз, ауыл әкімдерін сайлау жұмысын 5 жылдың ішінде біртіндеп жүзеге асырдық. Бүкіл еліміз бойынша 2334 ауыл әкімі сайланды. Олардың орташа жасы – 43 жас. Жаңадан сайланған әкімдердің үштен бірі – бұрын мемлекеттік қызметте болмаған азаматтар.



Ауылдағы сайлау саяси партиялардың аймақтардағы жұмысына тын серпін берді. Олар өз үміткерлерін ұсынып, сайлауға белсене араласты. Саяси ұйымдардың 1500-ден астам өкілі әкім болып сайланды. Жаңа басшылардың қатарында алты партияның мүшелері бар. Ал 700-ден астам азамат өзін-өзі ұсынып, сайлауда жеңіске жетті. Сайланған әкімдер жұмысқа кірісіп кетті, жалпы нәтиже жаман емес деуге болады. Ең бастысы, олар жергілікті жұрттың мұн-мұқтажын, шешімін таппай жатқан түйткілдерді жақсы біледі.

Ауыл-аймақтың дамуына бөлінген бюджет қаражаты да тиімді игеріле бастады. Ауылдардың кірісі көбейді, мемлекет тарапынан берілетін қаржыға, яғни дотацияға тәуелділік азайып келеді. Жакында жүргізілген сауалнамаға сәйкес ауыл тұрғындарының 84 пайызы өз әкімдеріне сенетіні анықталды. Бұл – өте жақсы көрсеткіш. Сондықтан ауыл әкімдерін сайлау үдерісі алдағы уақытта да жалғасын табады.

Ал аудан әкімдерін сайлауға қатысты әртүрлі көзқарас бар. Бірқатар қоғам қайраткері мен белсенді азаматтар «аудан әкімдерін сайлау қажет пе, жоқ па» деген мәселені қайта қарауды ұсынуда. Бұл мәселені Ерлан Саиров, Альберт Рау, Мархабат Жайымбетов бастаған депутаттар да көтерді. Олар елде сайлау тым көбейіп бара жатқанын, жұрт саяси науқандардан мезі бола бастағанын айтуда. Бұл пікірді ауыл және аудан тұрғындары да қолдап жатыр. Сайлау науқандары жергілікті жерде жүргізілуіне тиіс нақты жұмыстарға кедергі келтіруі мүмкін деген пайымдар да бар. Бұл пікірлерді ескерген жөн.

Осыған дейін аудан әкімдерін сайлау тәсілі арқылы 52 әкім сайланды. Енді олардың қалай жұмыс істейтінін қарап көру қажет. Аудан әкімін сайлаудың тиімді-тиімсіз тұстарын мұқият саралау керек. Мәселе – аудан әкімдерінің сайлауын міндетті түрде өткізу емес, басты мақсат: біз оң нәтижелерге қол жеткізуіміз керек. Үкімет және Парламент депутаттары бірлесіп, осы мәселені жан-жақты қарап, әлі-летті, дұрыс шешім қабылдауы қажет. Ең бастысы, әрбір реформа салмақты көзқараспен, байыппен жасалуы керек.

Бәріңізге белгілі, елдегі өзгерістердің арқасында мемлекеттік қызметке мүлде жаңа адамдар келіп жатыр. Осы орайда, Президенттік жастар кадрлық резервін ерекше атап өткен жөн. Резервке қосылуға өтініш берген 30 мыңға жуық үміткердің ішінен 450 адам іріктеліп алынды. Олардың 72 пайызы басшылық қызметке тағайындалды.

Кадрлар құрамын жаңарту үдерісі биліктің бүкіл тармағында және барлық деңгейде жүргізіліп жатыр. Бұл – уақыт талабы. Бірақ осындай жауапты жұмыста саяси науқаншылдыққа жол бермеу керек. Ең алдымен, тиімді ұсыныс айтып, пайдалы бастамалар көтеретін, батыл шешім қабылдай алатын азаматтарды, яғни кәсіби тұрғыдан білікті мамандарды мемлекеттік қызметке көптеп тарту қажет. Біз осы маңызды жұмысты жолғастыра береміз.

Құрметті әкімдер!
Ауыл – төл өркениетіміздің алтын қазығы. Ауылды өркендету – баршаға ортақ пәрыз. Мемлекет бұл мәселеге ерекше жауапкершілікпен қарайды.

Өздеріңіз білесіздер, 2022 жылы халыққа ұсынған сайлау алдындағы бағдарламада ауыл мәселесіне айрықша назар аудардым. Алғашқы Жарлығым да ауылды дамытуға арналды. Соған сәйкес Қазақстан Республикасының ауылдық аумақтарын дамытудың 2023-2027 жылдарға арналған тұжырымдамасы әзірленді. Қазіргі таңда осы құжатқа сай нақты жұмыс атқарылып жатыр.

Жуырда ғана Ауыл еңбеккерлерінің екінші форумын өткізіп, осы саладағы өзекті мәселелерді қаралдық. Ал бүгін ауыл-аймақтардың даму бағдарын айқындаймыз. Бұл – мемлекеттің алдында тұрған стратегиялық міндеттің бірі.

Соңғы жылдары ауыл тұрғындарының тұрмыс сапасын арттыру үшін тиісті жұмыс жүргізіліп жатыр. 2022 жылы халықтың табысын арттыруға арналған кешенді жоспар қабылданды. Биыл Үкімет алдағы бес жылға арналған Өңірлерді дамыту тұжырымдамасын бекітті. Ауылға қомақты инвестиция тартылды. 2021 жылдан бері ауыл халқына алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсететін 864 нысан салынды. Сондай-ақ 388 жаңа мектеп ашылды. Былтыр 2 мыңға жуық ауыл мектебіне сапалы интернет берілді.

Жыл өткен сайын ауылдың әлеуеті артып келеді. Өзін-өзі қамтамасыз ету деңгейі жоғары ауылдардың саны көбейе түсті. Ауыл шаруашылығының жалпы өнімі алты жылда 1,5 еседен астам өсіп, 8,3 триллион тенгеге жетті. Биыл ауылдағы шаруаларға 1 триллион тенге көлемінде қолдау көрсеттік. Дәл осындай мемлекеттік қолдау көрсеткен елдер көп емес, тіпті, бұл көптеген ел қол жеткізе алмайтын қаржылай көмек

деуге болады.

Алайда алдымызда биік мақсаттар тұр: біз ауылдағы жағдайды жақсартып, жұмысты күшейтуіміз керек. Сондықтан алдымен ауылды дамытуға қатысты жұмыстың негізгі бағыттарына тоқталып өтейін.

БІРІНШІ. Ауыл әкімдері міндетті түрде білікті маман болуға тиіс.

Қазіргі ауыл әкімдерінің 60 пайызға жуығы осы қызметке алғаш рет сайланды. Бұл – жергілікті билік құрамы біршама жаңарды деген сөз. Алайда сайлауда жеңіске жету – алдағы үлкен жұмыстың басы ғана. «Әкім болдым, толдым» деп отыруға болмайтыны түсінікті.

Әкімдер өздерінің мықты басшы екенін іс жүзінде дәлелдеуі керек. «Басшының бағы – ел-жұрттың қамы» деп бекер айтылмаған. Нағыз елге сыйлы әкім болу үшін ауылдың ахуалын жақсы білу де аздық етеді. Халықтың сенімін ақтап, елдің береке-бірлігін нығайту үшін жұмыс істеу керек.

Әкім мемлекеттік деңгейде жасалып жатқан өзгерістерді жергілікті жерде жүзеге асыруға қабілетті болуы қажет. Кәсіби тұрғыдан білікті әрі еңбекқор әкім сайлаушылардың сенімін ақтай алады. Сондықтан ауыл әкімдерінің басқару ісіндегі шеберлігін арттыру өте маңызды.

Әкімдердің арасында бұрын билік жүйесінде жұмыс істемеген азаматтар бар екенін айттық. Олардың тәжірибесі аз екені түсінікті. Осы бағытта «Аманат» партиясының бастамасымен «Әкімдер мектебі» жобасы қолға алынды. Өрине, мұндай курстар жоғары білімнің орнын баса алмайды. Сондықтан университеттерде оқытылатын «Мемлекеттік және жергілікті басқару» бағдарламасын талапқа сай өзгерту керек.

Ауыл-аймақтарды басқару, көшбасшылық қабілетті дамыту мәселесі назардан тыс қалған. Ал бұл жұмыспен ең алдымен Мемлекеттік қызмет істері агенттігі шұғылданыу керек. Құзырлы министрлікпен бірлесіп, ауыл әкімдерін даярлауға белсенді түрде кірісу қажет.

ЕКІНШІ. Ауыл әкімдерінің өкілеттіктерін күшейту керек.

Бірақ мұны халыққа пайдасы тиетіндей мұқият ойластырып іске асырған жөн. Соңғы жылдары жергілікті билік органдары кезен-кезенімен қосымша өкілеттікке ие болып, олардың дербестігі арта түсті. Бұл – менің нақты ұстанымым. Өйткені ауыл әкімдері елдегі ағайынның тұрмыс-тіршілігіне қатысты түйткілдерді шешумен айналысады.

Қазіргі уақытта Мәжіліс «Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңға енгізілетін түзетулерді қарастырып жатыр. Аталған нормалар әкімдерге көше саудасына мониторинг жүргізуге, қоғамдық аумақтарды абаттандыруға, арнаулы техникалар сатып алуға қатысты өкілеттіліктер беруді көздейді.

2-бет

/// МӘСЕЛЕ

МИОПИЯ МЕНДЕП БАРАДЫ НЕМЕСЕ «БАЛАМДЫ АЛДЫҢҒЫ ҚАТАРҒА ОТЫРҒЫЗЫҢЫЗ»

Мектептегі кезекті ата-аналар жиналысы. Күн тәртібінде бірнеше мәселе айтылды.

Шарада мұғалімнің мына сөзі ойландырып, тереңірек зерттеуді жөн санадым.

«Сыныптағы оқушының 60 пайызы нашар көреді. Тақтадағы тапсырманы қате көшіреді. Алдыңғы орынға таласатын оқушы көп. Көпшілігі көзілдірік тағады» деді мұғалім. Өкініштісі, бұл әңгіме бастауыш сынып балалары туралы.

Ұстаздың айтуынша, бұрын алдыңғы қатарға бойы аласа, үлгерімі нашар бала отырса, қазір олардың орнын көру қабілеті төмен оқушылар алмастырған. Ата-аналар да көз дәрігерінен арнайы анықтама әкелетін көрінеді. Содан айналдырған үш қатарға талас көбейді. Бұл мәселенің бірнеше себебіне де тоқталды. Алдымен телефонның әсерін қозғады. Әр оқушының қолында қымбат телефон. Қоңырауда бала ойнамайды. Есесіне

телефонға телміреді. Сондай-ақ баланың уақытылы тынығуына бейжай қарау әдетке айналған. Салдарынан сыныпта көз шырымын алатын оқушы көбейген. Иә, ойланатын мәселе. Бала көзінің ерте жастан бұзылуы мамандарды да алаңдатуда.

Ата-аналар да өз уәждерін айтты. Бала тыңдамайды. Қатарынан қалғысы келмейді. Қылып жаңа телефон сұрайды. Ақыры алып бермесіне қоймайды. Ұстаса, қолынан түспейді.



Фото: Ашық дереккөзден

Қайда барса да жанынан қалдырмайды. Күресіп жатқандарын алға тартты. Өкініштісі, нәтиже жоқ. Кейбірі мектеп жасындағы барлық балаға телефон ұстауға тыйым салу арқылы мәселе шешілетініне сенеді.

Деректерге сүйенсек, елімізде 7300-ден астам баланың көру қабілеті бұзылған. Олардың 1235-і балабақшада, 4752-сі мектепте және 500-ге жуығы колледжде білім алуда. Ал 800-ден аса бала мектеп жасына жетпеген. Осы бағытта 13 арнайы балабақша мен 17 арнайы мектеп жұмыс істейді екен. Бұл туралы жыл басында Сенат отырысында Оқу-ағарту вице-министрі айтқан болатын.

3-бет

МИОПИЯ МЕНДЕП БАРАДЫ НЕМЕСЕ «БАЛАМДЫ АЛДЫҢҒЫ ҚАТАРҒА ОТЫРҒЫЗЫҢЫЗ»

Жылдан жылға 17 жасқа дейінгі балалар арасында көз аурулары өршуде. Осы диагнозбен қаншама бала диспансерлік бақылауға алынған.

Өмірге сау келген бала түрлі фактордың әсерінен көру, есте сақтау қабілетінің бұзылуына душар болуда. Ата-ана жауапкершілігі бәрінен маңызды. Баланың бос уақытын, дұрыс тамақтануын, гаджеттерді пайдалануын қатаң бақылауға алу керек. Ата-аналар жиналысында баланың есте сақтау, сөйлеу қабілеті де баяу дамығаны айтылды. Бір шумақ өленді мұғалім, ата-ана қадағалап отырып, жаттайтынын жасырмады. Бәрінің себебі – смартфон. Сондай-ақ оқушылардың кітап оқуға да құлқы жоқ. Есесіне дайын ақпаратты интернеттен алады. Ал кітап-журнал оқу баланың есте сақтау қабілетін жақсартып, сөйлеу мәдениетін қалыптастырады.

Сөздік қорын байытады. Ақпараттық технологияның ағымына ілескенімізбен, оның зияны да жоқ емес.

Қазір телефонсыз жүру мүмкін емес. Қолына бір сағат тимесе әлемнен алшақ қалғандай күй кешеді. Ұйықтаса қасында тұрады. Сабаққа барса, сөмкесінде жүреді. Тіпті ас ішіп отырып, үнілетіндер де бар.Тәй-тәй басқан баланың өзі телефонмен жұбанады.

Енді тақырыпқа қайта ойыссақ, қала тұрғыны Жазира Алданазарова көпбалалы ана. Ол бала-сының көзі алты жасынан бастап нашарлағанын айтады.

– Аңсар төртінші ұл. Кішкентай кезінде анық көретін. Беске келгенде теледидарды алыстан анық көре алмайтынын аңғардым. Басында мән берген жоқпын. Кейін келе экранның алдына отырып алатын болды. Сосын барып алаңдай бастадым. Ол кезде баланың жасы алтыға толған. Облыстағы білікті балалар көз дәрігерін іздедім. Көпшіліктің нұсқауымен офальмолог тауып көрсеттім. Сөйтсем, ұлымның көзі 55 пайыз ғана көреді екен. Дәрігерден емделу жолын сұрадым. Бала бірден қулан-таза айғырып кете алмайтынын, ұзақ ем керек екенін ескертті. Солай емді бастадық. Көзілдірік тағып едік, біразға дейін үйіренсе алмады. Шешіп тастайды, сындырады, жоғалтып алады. Осылайша ұзақ уақыт ем алдық. Нәтижесі ақырындап біліне бастады. Кейін Алматы қаласындағы көз емдеу орталығына барып, білікті дәрігерден кеңес алдым,—дейді ол.

Жақында ауылдан туысымыз төрт жасар немересін әкелді. Балабақшада өзі секілді бала ойыншықпен көзінен ұрған. Кесірінен баланың көзінен жас тоқтамай қалған. Немересінің жағдайына алаңдаған әжесі қалаға әкелді. Белгілі көз ауруларын емдейтін жеке клиникаға алып бардық. Дәрігер көзіне зақым келгенін айтып, ота жасау керектігін ескертті. Ота күрделі болғандықтан Алматыға жөн сілтеді. Байқағанымыз, емханадағы ұзын-сонар кезек. Әр ата-ананың соңында бір-екі баладан. Көпшілігі мектеп және балабақша жасындағы балалар. Кезек кезінде ата-аналармен пікірлесіп көрдім. Бәрінің шағымы бір. Телефонды шамадан тыс көргеннен көру қабілеті бұзылған. Енді амал жоқ, дәрігер жағалап жүр.

1-бет

Осы мәселеге орай дәрігер-офтальмологтың пікірін білген едік. Ақманат Бақдәулетова №3 емханада балалар көз дәрігері. Ол кейінгі кезде балалар арасында миопия, яғни алыстан көрмеушілік жылдан-жылға артып жатқанын айтады. Маман бұл немқұрайлы қарайтын мәселе емес екенін де жеткізді. Статистикаға қарағанда елімізде әрбір бесінші бала алыстан көрмейді. Дәрігер мұның себебін көзге шамадан тыс салмақ

анықталған кезде бірден ата-анамен байланыс орнатып, дәрігердің көмегіне жүгінеді. Мәселен, енді белгісі басталған, жеңіл дәрежеде келген науқас маманның кеңесін тындап, уақытылы емделсе, алдын алуға болады. Егер минус 3-тен асса онда орташа дәреже ал, минус 6-дан асса жоғары дәрежесі. Ондай жағдайда маман баланы есепке алады. Тиісті ем-домын жүргізеді. Көзілдірік тағады, — дейді ол.



Фото: Ашық дереккөзден

түсірумен байланыстырады. Сол себепті балалардың көз жанарын сақтау үшін гаджеттерді қолдануды шектеу керек екенін түсіндірді.

– Бұл тақырып бүгінде өзекті. Шындығында, балалардың алыстан көруі күрт нашарлаған. Бұрын қабылдауға бала сирек келетін. Қазір 70-80 пайыз баланың көру қабілеті бұзылған. Әсіресе, мектеп жасындағы оқушылар. Миопия – көзі бұлдырап, алыстағыны көрмейтін ауру түрі. Қазір оған оқушылар көптеп шалдығады. Дегенмен бұл тұста тұқымқуалаушылық факторын да ескеру қажет. Егер миопия анасында немесе әкесінде болса, онда ол 50 пайыз жағдайда баласына берілуі мүмкін. Сондай-ақ салауатты өмір салтын ұстанбаймыз. Мәселен, кез келген адам гаджет, телефон, компьютерді пайдаланған соң, міндетті түрде көзге 20 минут демалыс беру керек. Таза ауаға шығып, тынығуы тиіс. Бұл көз тамырларының босаңсуына септігін тигізеді. Ата-аналардың басым бөлігі күндіз жұмыста болады. Ал ол кезде бала телефон қарайды. Сағаттап ұстап отыра береді. Салдарынан көпшілігінің көзі қызарып кетеді.

Мәселеге орай, жылына екі рет мектепте көз ауруының алдын алу, тексеру шараларын ұйымдастырамыз. Кейбір оқушы көзінің нашар көретінін білмей жүре береді. Мұндай жағдай

Бала көзінің нашар көруінің бірден-бір себебі гаджеттер екенін де мамандар растап отыр.

– «Екі көзің—шырағың» деп бекер айтылмаған. Бала жанары ерте бастан нашарласа келешегі не болмақ? Көру қабілетін қалыпқа келтіру оңай емес. Толық жазылып кетпейді. Тек асқынyp кетпеу үшін тоқтатып тұруға ғана болады. Сондықтан ең алдымен ата-ана жауапты. Баланың денсаулығы мықты болуы үшін таза ауада серуендеуді, кітап оқуды, дұрыс тамақтануды, пайдалы жеміс-жидек жеуді, көзге, денеге арналған жаттығуларды жасауды дағдыға айналдыруы маңызды. Байқасаңыз, бұл – қолдан жасалып жатқан ауру. Бала тыныш болсын, үндемесе, шуламаса, мазаны алмаса болды деген желеумен қолына телефон береміз. Кесел содан жабысып жатыр, — дейді офальмолог.

Балалар арасындағы көз ауруының жиілеу себебін облыстық психологиялық қолдау орталығы директоры Жұмагүл Тасболатқызы былай түсіндіреді.

– Орталық жыл сайын маусым-шілде айларында, екі жыл қатарынан мектепке баратын балаларға диагностика жүргізеді. Диагностика барысында көз аурулары расымен көптеп кездеседі. Мектепке баратын баланың физиологиялық дайындығы алғашқы орында. Одан әрі

баланың әлеуметтік-психологиялық, нейро-психологиялық дайындығы бар. Қазір мектеп табалдырығын аттаған балалардың көбінде көру қабілеті өте нашар. Оны маман ретінде, цифрлық технологиянындамуыменжәнеқолжетімділігімен байланыстырамын. Қай жастағы баланы алсаңыз да, қолынан гаджет түспейді немесе теледидар алдында отырғанын байқауға болады. Тіпті көру қабілеті жақсы дегеннің өзінде көру өрісінің тар екенін байқаймыз. Мысалы, үнемі гаджет көріп өскен баланың көзі кішкентай төртбұрыштың ішін ғана көріп дағдыланады. Кейін мектепке барғанда көру қабілеті жақсы бола тұра, тактадағыны көрмеу қиындығына тап болады. Невролог мамандар бұдан бөлек, қазір кішкентай балаларда көздің толық айналымы жоқ екенін айтуда. Осы мәселелердің ара-жігін ажырату үшін, мектепке дайындық кезеңінің бірі ретінде көру қабілетін, көру өрісін тексеруге кеңес беремін, — дейді психолог.

Сондай-ақ ол мәселемен күресу үшін алдымен зиян деп тапқан заттарға тыйым салу керектігін атады.

– Ата-аналарға саналы тәрбие стилінде болыңыздар дегім келеді. Бұны жеңіл тілде былай түсіндіремін. Мысалы, үйдің шатырын елестетейік, оның 2 қанаты бар. Егер оның оң жақ қанаты болмаса, үй жанбыр, қардан толықтай қорғала ма? Сол жағындағы қанаты болмаса толықтай қорғау мүмкін бе? Әрине, жоқ. Сол сияқты балаға берілетін тірек екі жақты болуы керек, бірі – баланы шартсыз жақсы көру, оны қалай бар солай қабылдау, екіншісі – шекара, ереже, жасына сай үйдегі міндеттер, талап және тыйым. Бұдан шығатын нәтиже – балаға зиян келтіретін нәрселерден тыю талабы және шартсыз жақсы көруді қатар ұстау.

Баланы мазасыз ететін нәрсе – отбасындағы көрінбейтін факторлардан аулақ болуы. Бұған әкесі мен анасының сөздерінің бір жерде тоғыспауы, балаға бірдей талап ұсынбауы немесе ата-аналардың, отбасы мүшелерінің бір-бірінің сөздерін жоққа шығаруын қарастыра аламыз. Мысалы, анасы смартфонның баласының көзіне зиян екенін айтып көп пайдаланбауын сұраса, әкесі ұстай берсін ештеңе етпейді деп қарсы бағытта болуы. Бұндай жағдайлар бар кезде, бала зиян дегенді түсінбейді.

Дегенмен ақпараттық даму – заман талабы, баланы мүлде шектеп тастай алмаймыз. Ол үшін белгілі уақыт аралығын бекіту, келісім жасау керек. Мысалы, смартфонды 1 сағатқа ұсыңсаңыз, қолына бермес бұрын оятқышқа қойыңыз. Оятқыш дауыстағанда уақыт болғанын айтыңыз. Осындай қарапайым нәрселер жақсы қарым-қатынасты сақтай отырып, тыйым қоюды қалыптастырады, — дейді ол.

Бұл – мамандардың пікірі. Әрине, орынды. Бала көзінің көру қабілеті неден бұзылып жатқанын білдік. Бастысы, ата-ана баланың салауатты өмір салтын ұстануын қадағалап, офальмолог маманға тұрақты көрсетіп алғаны жөн. Сонда ғана мәселенің түйіні шешілмек.

Сара АДАЙБАЕВА, «Сыр бойы»

КҮТУМЕН ӨТКЕН ӨМІР МӘЙІТТІК ДОНОР НЕГЕ ДАМЫМАЙДЫ?

Қызылорда облысында қос бүйрегі істен шығып, тағдыры аппаратқа таңылған 450 адам бар. Соның 281-і дозор трансплантациясына талай жылдан бері кезекте тұр. Осы орайда біз кезектің неге жылжымайтынын зерттеп көрдік.

Облыс бойынша трансплант үйлестіруші, жоғары дәрежелі нефролог Лиза Нұрсұлтанованың айтуынша, 2014 жылы өңірде бірінші рет бүйрек ауыстыру отасы жасалды. Жас жігітке туған қарындасы бір бүйрегін беріп, отаны А.Сызғанов атындағы ұлттық ғылыми орталықтан келген хирургтер жасады. Ал көпбейінді облыстық аурухана басшылығына PhD доктор, трансплантолог Жасұлан Баймахановтың, оның хирургия жөніндегі орынбасары болып транспантолог Ербол Серікұлының тағайындалуы тыңға түрен салды. 2023 жылдан бері дәрігерлер облыста тағы 8 адамның бүйрегін ауыстырды.

– Алматы, Астана, Ақтөбе, Шымкент қалаларында трансплант орталықтар бар. Осыған дейін сол орталықтарда және Қызылорда облыстық көпбейінді ауруханасында 95 адамға бүйрек трансплантациясы жасалды. Соның ішінде 9 адамға ота өзімізде жасалғанын әлгінде айттым. Барлығының денсаулығы жақсы.

Бүйрек салдырған 95 адамның 70 пайызы – жастар. Бүйрек жетіспеушілігінің себептері – қан қысымының жоғары болуы, жүрек жетіспеушілігі, қант диабеті, гламирунефрит, созылмалы аурулар, жүйелі қызыл жегі, ревматоидті артрит.

Ревматоидты артритқа шалдыққан адам ауруды басатын дәрілерді көп пайдаланады, ал бұл бүйрек пен бауырдың қызметіне зақым келтіреді. Бүйрек—сүзгі. Адам жүрекинфарктіне,



Фото: Ашық дереккөзден

инсультіне шалдықса, емделеді. Ал бүйрек бүрісіп, қан бармаса, сүзгі істен шығады. Бүйректің қызмет көрсету көрсеткіші 15 пайыздан төмендесе, гемодиализге жіберуге немесе бүйрегін ауыстыруға тура келеді, — дейді Лиза Нұрсұлтанова.

Бүйрек жетіспеушілігіне әкеп соғатын ауру түрлері егде жастағы кісілерге тән болғандықтан көбіне үлкендердің бүйрегі «отырады». 65 жасқа толмағандардың барлығы дозор кезегіне тіркелген.

Қызылорда қаласындағы диализ орталығының меңгерушісі Гүлнұр Жәліева бүйрек ауруының 5-сатысынан бастап науқастар гемодиализ процедурасына тәуелді болатынын жеткізді.

– Бұл кезде бүйректің қызметі 15 пайыз және одан төмен болады.

Науқастың аппаратқа тәуелділік ұзақтығы – орта есеппен 10 жыл, бұл енді оның нақты диагнозы мен аурудың асқинуына, өмір сүру салтына, дәрігер нұсқаулығын орындауына байланысты, — дейді ол.

Сырдария және Қармакшы аудандарында ғана жоқ. Диализ орталықтарына ұсыныс білдірдік, бірақ науқастар санының аздығына байланысты ашуға мүмкіндігі жоқ. Өйткені тиімсіз. Бүйрек жетіспеушілігі сырқатына шалдыққандар ем-дом үшін биылдан бастап инвтаксис қолданып жүр. Барлық қала мен аудан орталықтарында тасымал мәселесі шешілген. Біз науқастармен тығыз байланыста жұмыс істейміз, — дейді басқарма өкілі.

Қызылорда қаласының 51 жастағы тұрғыны Ақмарал Әбсатованың өмірі «жасанды бүйрек» аппаратына жалғанған.

– Қан қысымы жоғары. Бір жағынан жас кезімде ет сатам деп ауруымды асқындырып алдым. 2022 жылдан бері диализ қабылдаймын. Аптасына 3 рет 4 сағат бойы аппаратқа таңылған күйі жатамын. Бірыңғай диета сақтап, күтіну керек. Дозор кезегінде тұрғаныммен еш жылжымайды, менен бұрын тіркелгендердің өзіне кезек тиген жоқ, — дейді кейіпкеріміз.

Статистикаға қарасақ, бүйрек трансплантациясын жасатқан 95 қызылордалықтың небәрі 3-іне бүйрек қайтыс болған адамнан алынып салынған.

– Елімізде 4,5 мыңдай адам күтім парағына тіркелген. Биыл 12 адамға ғана мәйіттік дозор жасалды. Қызылордада кезек мүлдем жылжымайды. Өйткені халық мәйіттік дозордың маңызын әлі жіті түсінбейді.

Біз күтім парағындағы науқастардың өмір сүру сапасын, ұзақтығын арттыру үшін мұны кеңінен насихаттауға тиіспіз. Жол апаты, инсульттен кейін ми өлімі тіркелген кісілердің туыстарымен сөйлесеміз. Ми өлімі биологиялық өліммен бірдей. Адам жан сақтау бөлімінде жатқанда аппаратпен жүреді соғып тұрады. Бірақ бұл ұзаққа бармайды. Туыстары рұқсат берсе, марқұмнан екі бүйрек, бауыр, жүрек, көздің қарашығы сияқты органдарды алуға болады. Біз осылай денсаулығы сыр берген 6-7 адамның өмірін сақтап қала аламыз.

Бірақ діни көзқарасына байланысты адамдардың көбі бұған келісе қоймайды. Сондықтан үгіт-насихатқа дәрігерлермен қатар дін өкілдерін кеңінен тарту керек, — дейді облыс бойынша трансплант үйлестіруші Лиза Нұрсұлтанова.

Қазақстанда ағзаны тегін ауыстырады. Оңайлықпен дозор табылмағасын жерлестеріміз ел асып, ота жасатқысы келеді. Бірақ қалтаның жұқалығынан үмітін үмітке жалғаумен өмірін өткізуге мәжбүр.

Дәрігер кейбір мемлекеттерде дозорлық мәйіт мәселесі әлдеқашан шешімін тапқанын айтты.

– Мысалы, Беларуське қуту парағы бос деуге болады. Өйткені келісім презумпциясы қабылданған. Алғашқы кезде бұған халық дәл біз сияқты қарсы болды. Қазір мәйіттік дозордан орган алу үшін марқұмның туыстарының келісімін күтпейді, — деді Лиза Нұрсұлтанова.

Назерке САНИЯЗОВА «Сыр бойы»

/// НЕСІБЕЛІ РАХМЕТ – 70



Сыр өңірінде қаламгер қыздар аса көп емес. Оның ішінде проза жанрында қалам тербеп жүрген Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Қазақстанның Құрметті журналисі, облыс әкімінің «Тұран» сыйлығының иегері Несібелі Рахмет есімі қазақ әдебиетіне етене таныс. Жазушы биыл 70 жасқа толып отыр. Қалам иесінің әрбір шығармасында қарапайым өмірдің, адам баласына тән тұрмыс-тіршіліктің сан алуан қыры суреттеледі.



ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ АРҚАУЫ – ШЫНАЙЫ ӨМІР

Қаламгер өмірінің бар мәнін шығармашылықтан тапқан жан. «Бір нәзік сезім», «Мен табынған күдірет», «Исламбек», «Құмырсқа тірлік», «Жиденің гүлі», «Нөлінші қатар», т.б кітаптары жарық көрген. Оның көркем әдебиетпен қатар, аймақтың журналистика саласында айқын қолтаңбасы бар. Сырдария аудандық «Сырдария», облыстық «Сыр бойы» газетінде, «Қазақстан-Қызылорда» телеарнасында ұзақ жыл қызмет етіп, мерзімді ақпараттың мәнді де мағыналы болуына өз тарапынан мол үлес қосты.

Несібелі Төлтайқызы Сырдария ауданына қарасты Қараөзек елді мекенінде дүниеге келген. Сондықтан болса керек, жазушының әңгімелеріне ауыл тақырыбы көбірек арқау болған. Отбасы құндылығы дейтін ұғымға сай ағайын-туыс арасындағы өзара сыйластықты өмірмен терең байланыстыра бейнелеген шығармалары шынайылығымен тартымды. Әңгімелеріндегі «қиға» ішінде кездесетін ойнақы әзілдері немесе ойлы да астарлы түйіні оқырманын әп-сәтте бауран алады.

Жазушының балалық шағынан сыр шертетін «Белсебет» деген әңгімесі бар. Иә, сол заманда белсебет деген көп баланың арманы болатын. Мысалы, қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, ақын Темірше Сарыбайдың да алғашқы өлеңдерінің бірі «Белсебет» деп аталады.

Иә, тұрлымшағы желбіреген кішкентай қыз өзімен қатарлас құрбыларының белсебетіне қатты қызығатын. Арасында кезектесіп теуіп те жүрді. Ауылда көп көлік жоқ, ара-тұра ғана бірді-екілі машина өтеді. Ұзын жолдың бойына шығып белсебетпен зулағанда бейнебір бойына қанат біткендей әсерленетін. «Шіркін, өзімнің белсебетім болса ғой» деп. Әйтсе де бір күні сол үшін болған тартыстан елеуір жарақат алып, жүрегі қатты шайлығып қалған ол белсебет туралы балалық арманымен біржола қош айтысты. Әңгіме балаларға арналған. Қызықтырады әрі ойландырады.

«Қалаға келген Жuasбай» деген әңгімесінде аңғал мінез ауыл қазағының болмысын дәл бейнелеген. Күнделікті тіршілікке еніп жатқан толассыз жаңалықтар, заман талабына сай қызмет көрсете бастаған сандық технологияның сыр-сипаты қызықты жайттарға кезіктіреді. Әңгіме желісінде еріксіз езу тартып отырып, елдегі ағайынды еске түсіресіз.

Жазушы Несібелі апамыздың өзі де көңілінің қалтарысында еш кірбін жоқ, ақ көңіл, аңғалдығы басымдау, қазақы болмысты қарапайым жан. Сондықтан қазама керек, көркем шығармаларындағы кейіпкерлері де соншалықты шынайы, жүрекке жақын.

Жазушының «Нөлінші қатар» деп аталатын әңгімесі бар. Тіпті бір кітабы осылай аталады. Әңгіменің тақырыбына қарап-ақ не туралы айтылатынын бағамдап отырған шығарсыз. Иә, дәл солай, бір кісі театрда өтетін үлкен шығармашылық кешке келеді. Отырайын десе, орын жоқ. Айтпақшы, орын жоқ емес, ортадағы ұзыннан ұзақ қатардағы ақ матамен қапталған орындар түгел бос тұр. Сол орынның біріне отырайын десе бір жас қыз жолатпайды. Негізінде ол кісі де сол орынға отыруға әбден лайықты адам. Кеудесі толған орден-медаль. Майдангер (кітапта аты-жөні жазылған). Тағына сүйеніп әзер жүріп келген қария енгіні басып, алдындағы орындыққа отыра кеткісі келіп тұр. Бірақ «танымасын сыйлама» дегендей, әлгі жап-жас кезекші қыз алдындағы орынды қызғыштай қорып, ақсақалды маңайлата бермес.

– Ата, басқа орынға барыңыз. Бұл жерге қонақтар отырады.

– Қарағым-ау, мен де қонақпын. Бұл дүниеге бәріміз де қонақпыз.

– Жоқ, ата, мен қонақ емеспін. Тек осы рядқа жауап берем.

– Жауап берсең, берерсің, балам. Қария отыруға ыңғайланды.

– Ата, отыруға болмайды!

Иә, осы кезде оның үстінен қарайтын тағы бір кезекші қарияны қолтығынан сүйеп «Сізді бір жайлы орынға отырғызайын» деп әрі қарай жетектеп өкетті. Қарт майдангер кезекшінің жетегінде қалт-құлт басып кете барды...

Әңгіменің шырақ шегі осы. Әрі қарай бірдене айтпақ түгілі, ойлаудың өзі көңілге үрей ұрлатады. Қарттық кімнің басына келмес дейсің? Дәл осылай кейінгілердің тұртпегіне ұшырап жүру кім-кімге де жеңіл бола қоймас...

Шындығында, бүгінгі күні адамдар арасындағы жылылықтың жоғала бастағанының бір белгісі болар, жасанды интеллект өмірімізге енді. Сұрағына жауап алғын келе ме, сұхбаттасқын келе ме, жоқ, әлде сырласқын келе ме, ЖИ жанынан табылады. Ол шіркінге не айтсаң, соны лезде орындап береді. Қандай ақпарат қажет,

көзбен көріп, қолмен ұстағандай алдына тосады. Тіпті өлең жазып, ән де шығара береді екен. Демек енді бұрынғыдай, алып-ұшып, сезім құшып, арманға беріліп, айналған мейірім мен жылылық күтудің «дәурені» өтіп бара жатқан сияқты...

Иә, Мемлекет басшысы кітап оқитын ұлтқа айналу қағидатын алдымызға қойды. Өйткені кітап (газет-журнал) оқу арқылы адамның ішкі мәдениеті қалыптасады, білім көкжиегі кеңейеді. Ал рухани таным-түсінігі мол адам көлденең кездескен «кедергілерге», қазіргіше айтқанда, ақпараттық шабуылдарға бой бермейді. Осы ретте ауыл тақырыбын арқау етіп, шынайы өмір келбетін суреттейтін Несібелі Рахмет шығармаларының орны бөлек екенін атап өткім келеді.

Ақын, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері, Қазақстанның құрметті жазушысы, ҚР Мәдениет саласының үздігі Қаршыға Есімбергитова қанаттас, қаламдас құрбысы Несібелі Рахметпен облыстық телеарнада ұзақ жыл бірге қызмет атқарды. Сондықтан жазушының шығармашылығын да, шынайы болмысын да көбірек білуі керек.

– Несібелі Рахметова жайлы көп айтуға болады. Оның студенттік кезеңдері, журналистік еңбек жолы, шығармашылығы, адами болмысы жайлы біраз білетін сияқтымын. Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетінде менен бір курс жоғары оқыды. Оның болмысы, табиғаты үнемі ой үстінде, әлдебір тылсым күштің жетегінде, онаша сәттердегі қиял-ғажайыптың ортасында жүретіндей көрінетін маған.

Оқуды жақсы тәмамдап, Сыр еліне келіп, алғашында облыстық газетте, кейіннен телеарнада қызмет жасады. Мен онымен 2000-жылдардан, яғни, «Қазақстан-Қызылорда» телеарнасында қызмет жасай бастаған кезеңнен бері жақын танып, араластым. Телеарнаның қым-қуыт тірлігінің арасында жүріп өзінің табиғатынан берілген мінезімен «Жаналықтар» кызметінің жедел де шапшаң қимылды қажет ететін тұстарында асығыстыққа жол бермей, сабырмен, ыждағаттылықпен «жедел шабуыл» редакциясының жетекшілік қызметін мінсіз атқара білді. Редакцияға жаңадан оқу бітіріп келген жастарды журналистік шеберлік мектебінен өткізді. Көрерменді бейжай қалдырмайтын өткір де ұтымды сюжеттер дайындаумен қатар, сол мәселені жауапкершілігін де көтере білуге үйретті. Қаншама шөкірт тәрбиелеп, кейін республиканың жетекші арналарында Несібелі Рахметованың ұстаханасынан шыққан таланттар шоғыры қалыптасты. Мықты журналист, талапшыл ұстаз болумен қатар, ол – ең бастысы, шығармашылық иесі. Қаламынан проза жанрының талғампаз оқырманға ой салатын небір көркем туындылар ақ қағазға төгіліп, бірнеше кітабы жарық көрді.

Оның кітаптары оқырман іздеп жүріп оқитын өміршең дүниеге айналды. Ойлы шығармалары өмір сүріп отырған қоғамның түйткілді тұстарын дөп басып, кейде ойландырып, енді бірде езуге күлкі үйіріп, жаныңды жадырататын тұстары басым. «Құмырсқа тірлік» деген кітабындағы шағын әңгімелері тұтас бүгінгі қоғамның барометрі десек болғандай. Әдебиетсүйер қауымның ортасында жақсы пікір қалыптастырған «Нөлінші қатар» атты әңгімесі – өзге жұрт байқай бермейтін тіршілік майданындағы өмір шындығы.

Сыр еліндегі бір шоғыр қаламгерлер арасында өзіндік орны бар прозашы Несібелі Рахмет ғұмырының жетініші белесіне осындай абыройлы еңбегімен көтеріліп келеді, – дейді Қазақстан Жазушылар одағының облыстағы өкілі Қаршыға Құрмашқызы.

Иә, жазушы Несібелі Рахметті көптен ерекшелеп тұратын – оның қарапайым болмысы. Жалт-жулт еткен ғылымшыл іс-шараларда көп көріне бермейді. Есесіне, өндіріп жазды. Атақ, мансапқа ұмтылмады. Десек те елдің ақпарат саласына сіңірген елеулі еңбегі бағаланып, «Қазақстанның Құрметті журналисі» атағы берілді. Облыс әкімінің мәдениет, әдебиет және өнер саласының майталмандарына берілетін «Тұран» сыйлығын иеленді. Өзі туып-өскен Сырдария ауданының Құрметті азаматы аталды.

Қандай бір қызмет атқару барысында межелі жасқа жеткен адам зейнетке шығады. Ал қаламгер үшін ондай ұғым жоқ. Ой-қиялы тәрізді еңбек жолы да шетсіз-шексіз. Сондықтан ғылым бойы қауырсын қаламын жанына серік еткен Несібелі Рахмет апаймыздың да шығармашылығын толассыз жалғаса беруіне тілек қосамыз.

**Ғазиза ӘБІЛДА,
«Сыр бойы»**

ӨМІРІН БІЛІМ-ҒЫЛЫМҒА АРНАҒАН

Өткен жылы ел астанасындағы «Тұран-Астана» университеті ғылыми кеңесінің шешімімен профессор Орақ Жолмырзаұлы Әлиевтің білімтану-зерттеу орталығы ашылған болатын.

Тынымсыз еңбегімен тек республикамызда ғана емес, әлемдік деңгейде ұлан-ғайыр жетістіктерге жетіп жүрген, мақтануға тұрарлық жерлесіміздің қуанышына ортақтасу үшін Астана қаласында тұратын ағайындар арнайы барып, құтты болсын айттық.



Сан салалы білім-ғылым жолында өмір бойы жан-жақты ізденуден жалықпайтын Орақ Жолмырзаұлы бірден іске кірісіп, «Білімтану-зерттеу орталығының» тұжырымдамасын жасап, оның ұраны мен мұратын, атқаратын қызметтерін, мақсаты мен міндеттерін айқындап, талдап үлгеріпті.

Баспадан жаңа шыққан «Білім жолындағы тар жол, тайғақ кешу» атты орыс тілінде жазылған кітабының тұсаукесерінің куәсі болдық. Бұл кітап қазір қазақ оқырмандарына арналып дайындалып жатыр.

Орақ Жолмырзаұлының ғылым шыңына ұмтылысындағы, тар жол тайғақ кешуі «Докторлық эпопеясы» бөлімінде қызықты оқылады. Өз мақсатына жету үшін азуы алты қарыс Ресейдің саяси экономика ғалымдарын мойындауы – ғылымда пісіп-жетілгенінің белгісі. Бір көңіл аударатын нәрсе, ол оппоненттері арасынан жау іздемейді. Керісінше, достар тауып, араласатын белгілі ғалымдар аясы кеңейе береді. Сондай Ресей ғалымдарымен Орекеннің мерейтойында кездесіп, пікірлерін тыңдаудың сәті түсті. Олар Орақ Жолмырзаұлының ғылымдағы жетістіктерімен қатар, екі нәрсеге қатты таңғалатындарын білдірді. Бірі – саяси экономика мен философияны ұштастыра білетіні, ұлы философ ойшылдардың цитаталарын жатқа соғатын қасиеті. Екіншісі – қарапайым ауыл баласының орыс тілін жоғары деңгейде меңгеруі.

Орақтың жаңалыққа бейімділігінің бір белгісі – студенттік кезден досы Рахман Алшановпен бірге іргелі оқу орнына айналған «Тұран» және «Тұран-Астана» университеттерін құру бойынша жасаған еңбегі.

Білімтану-зерттеу орталығында жалғасқан жаңа шыққан кітапқа пікір айтуда ҚР Ұлттық банкнің бірінші төрағасы, көрнекті экономист-қаржыгер Ғалым Байназаров:

– Мен ғалымдармен, жазушылармен, басқа да зиялы қауым, қазыналы қарттармен жиі араласамын, мүмкіндігінше бірге боламын. Бүгінгі ұрпақтың тәрбиесіне ашылған мұндай орталық та, естелік кітап та өте керек. Ерекше қуаныштымын, – деген шын жүректен шыққан лебізін білдірді.

Жаңа кітапты алысымен, қалыптасқан әдетімізге бас алмастан оқып шықтым. Орақ Жолмырзаұлының ұшан-теңіз білімдарлығы, шығармашылық жетістіктері, оның алға қойған мақсаты жолындағы түрлі жобалары туралы осы кітаптан білдім.

Туа біткен және қалыптасқан қасиеті – әділетсіздік десе зығырданы қайнап, ашу-ызаға булығытын. Алға қойған мақсатын айқындап, оны қорғауда ешкімнен ымыраға келгісі жоқ, қарсыластарынан қаймықпайды. Ғылым кандидаттығын 37 жасында, ал докторлық диссертациясын қорғауда өзі отыз жыл бойы еңбек етіп келе жатқан ұлттық университеттегі әріптестерінен еш қолдау таппағандықтан Ресей асты. Мәскеудегі Ломоносов атындағы университет ғалымдарымен талқылаған кезде де өзі айтқан тұжырымдамаларынан қайтпай, докторлық диссертациясын Санкт-Петербург университетінің ғылыми кеңесінде ойдағыдай қорғап, берілген ғылым докторы деген атағын келер жылы алпыс жасында алғаны, осы ұзақ жолда кездескен қиыншылықтары да кітапта шыншылдықпен өте әсерлі жазылған екен. Оқырмандары қызыға оқитыны сөзсіз.

Орақ Жолмырзаұлы «Тұран» білім беру корпорациясының вице-президенті, «Тұран-Астана» университетінің профессоры, экономика ғылымдарының докторы, Қазақстан экономикалық ғылымдар академиясының вице-президенті, Шаруашылық философиясы академиясының академигі (Ресей), М.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті жанындағы философиялық-экономикалық ғылыми жиналыстың толық мүшесі, «Еуропа-Азия» Халықаралық гуманитарлық ғылымдар академиясының академигі, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеттерінің, Ақпараттық психология ғылыми-зерттеу орталығының (Ресей) құрметті профессоры, Халықаралық саяси-экономикалық қауымдастықтың, «Тұран-Астана» университетінің өз атындағы «Білімтану-зерттеу орталығының» және сол аттас теориялық-әдіснамалық семинарының жетекшісі.

Отандық екі және шетелдік он ғылыми журналдың ғылыми-редакциялық кеңесінің мүшесі, 350-ден астам жарияланған еңбектің, оның ішінде 2 жеке ғылыми монографияның, 3 кітапшаның, 3 оқу құралының авторы. Бұрынғы КСРО-ның орталық ғылыми журналдарында және қазіргі заманғы шетелдік басылымдарда 150-ге жуық мақаласы жарияланған. Оның отандық және шетелдік басылымдарда жарияланған әлем және қазақ руханиятына арналған жаңашыл да жасампаз еңбектері өз алдына бір төбе.

КСРО Жоғары және орта арнаулы білім министрлігінің үздік студенттік ғылыми жұмысы үшін Құрмет грамотасымен (Мәскеу, 1972 ж.),

ҚР БҒМ-нің «Қазақстан Республикасының ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» және «ҚР Білім берудің құрметті қызметкері» төсбелгілерімен, А.Байтұрсынов атындағы күміс және алтын, Л.Гумилев атындағы медальдармен, «ТМД әлемі» қоғамдық бірлестігінің «Ғылыми қызметтегі еңбегі үшін» медалімен марапатталған.

Қазалы ауданының құрметті азаматы.

Орақ Жолмырзаұлы Әлиев 1945 жылдың жаз айында, яғни 15 шілдеде Жаңақазалы қыстағында (қазіргі Әйтеке би кенті), қарапайым диқан отбасында жарық дүниеге келген. Туған жеріндегі сол кездегі №71 жетіжылдық (қазіргі Ы.Алтынсарин атындағы №204) мектебін бітірген соң Қазалы қаласындағы ауыл шаруашылығы техникумын тәмамдаған. Еңбек жолын механик болып Көкшетау облысынан бастап, Кеңес Одағы кезінде әскери азаматтық борышын өтеген. Осыдан кейін Алматыдағы Қазақ мемлекеттік университетіне оқуға түсіп, білімін терең де жан-жақты жетілдіруге ден қояды. Жоғары оқу орнын философия-экономика факультетінің «Саяси экономия» мамандығы бойынша жақсы бітірген Орақ Жолмырзаұлы студенттерге дәріс берумен қатар бірыңғай ғылыммен айналысу жолын қалап, қиындықтарына моймай, тәуекел жасай отырып, келешек осы бағытта өз алдына үлкен мақсат қояды.

Орақ Жолмырзаұлымен етене таныстығыма, пікірлестігіме он бес жылдың бедері болды. Өйткені, ол бірыңғай білім-ғылым қуып, бар ғұмырын ел астаналарында өткеріп келеді. Бірақ туған жер – алтын бесігінен қол үзген емес. Ағайын-туыс, дос-жаранның қуаныш-қайғысына қатысып, өзі оқыған мектебіне жиі-жиі келіп, мектеп ұстаздарымен, оқушы жастармен кездесіп, сұхбаттасуға да уақыт табады.

Бір-бірімізді сағына іздеп, кездескен сайын ағамыздың айтқан ақыл-кеңесінен, өткен өмір жолынан сабақ алғандай боласын. Оның бәрі – тынбай ізденіп, көп оқыттынымен, одан өзіне керегін алып, көңілге тоқитынының, ерен еңбекқорлығының нәтижесі. Ол бірнеше бағытта қатар жұмыс жасай жүріп, көкірегі толы терең білімін кез келген ортаға салып, талқылаудан жалықпайды.

– Қазақтың «Көп жасаған білмейді, көпті көрген біледі» деген мақалын «Көп жасаған білмейді, көпті көрген біледі, көпті көрген білмейді, көпті түйген біледі, көпті түйген білмейді, түйгенін өзгеге берген біледі, бергенін өзгеге еккен біледі» деп толықтырып айтып жүрмін. Олай дейтінім, қазір жас зерттеушілеріміз көп-ақ. Дүниенің төрт бұрышын аралап жүргендері баршылық. Ал солардың көргендерін көкірегіне түйіп, замандастарына, әріптестеріне тұшымды сөз айта алмайтыны ойландырады, – дейді ол.

Өмірін білім-ғылымға арнаған Орақ ағамыз тыным таппайды. Айналысып жүрген қыруар жұмысының арасында уақыт тауып, жоғары оқу орнының аудиторияларында, жұмыс орнында сан алуан тақырыпта ғылыми конференциялар, семинарлар, басқа да кездесулер ұйымдастырады. Мұндай шараларға атакты ғалымдар, мемлекет және қоғам қайраткерлері, басқа да зиялы қауым өкілдері, өмірдің әр саласында абыройлы еңбек еткен, елге сыйлы қазыналы қарттар арнайы шақырумен қатысып, ой-пікірлерін ортаға салады.

Ғылым-білім жолындағы өз істеріне алаңсыз жан-тәнімен берілген ол мерзімді баспасөз беттерінде де түрлі тақырыпта ой саларлық мақалалар жазып, жариялап, үнемі келеді, халықтың көңілінен шығатын қонымды ұсыныс-пікірлер айтып келеді. Ретті жерде телеарна шақыруларынан да қалмай, көрерменмен де ашық пікірлесіп отырады.

Қазіргі кезде Орақ Жолмырзаұлы Әлиев жұбайы, барлық уақыттағы тын бастамаларының қолдаушысы, кеңесшісі әрі көмекшісі Сәулегүл Балабекқызымен бірге Астана қаласында тұрады. Сүйікті балалары Ғазиза мен Санжар, немерелері Жазира, Бекболат, Рауан, Батырхан, Биназирді тәрбиелеп, олардың және үлкен немересінен көрген шөберелерінің қызықтарына тоймай, өмір сүруде.

Сырдың бойындағы тамыры терең, тарихы кенен Қазалының құнарлы топырағында дүниеге келіп, білім-ғылым жолындағы жанкешті еңбегімен шетелдерге танылып, елінің мақтанына айналған ағамыз 80 жасқа толып отыр.

Ағамыз әлі қайратты, білім-ғылым жолында алға қойған мұрат-мақсаттары, жүзеге асырап ойлары ұшан-теңіз. Бүгінгінің қазыналы қарттары осындай бола алсақ, соған ұмтыла білсек деген ой келеді.

**Шамша АЙТУҒАНОВ,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі,
Қазалы ауданының құрметті азаматы,
Астана қаласы**

1967 жылы Қызылорданың Н.Голь атындағы педагогикалық институты (бүгінгі Қорқыт атындағы университет) филология факультетінің қазақ тілі мен әдебиеті бөлімінің 2-курсын бітіріп, жел-токсанның бірінші күні 3-курсты бастап, көне корпустағы 16-аудитория табалды-рығын аттағанбыз. Бір топ соқталдай сақа жігіт сау ете қалды. Ірілі-кішілі, әртүрлі өңді. Әскерден келгені, өмірдің ыстық-суығын біраз татқан сақа жігіттер екені бірден білінеді. Екі жыл оқып есейдік, топ-тың қожасы да, биі де өзіміз деп жүргенде, бұл тосын да қызық жаналық еді. Бұлар да бәкім, бізді мойындамай, өздерін ересек санап, іштей жоғарыдан қарайды. Әри-не, көп ұзамай жатырқау жойылды, тығыз араласып кеттік.

Жаңылыспасам, он жігіт: Сәрсенбек Жүнісов, Әби Тұрғанбаев, Елтай Елемесов, Ислам Дүйсебаев, Сауранбек Тұрғанбаев, Ерболат Жүсіпов, Бесбай Қуантаев, Дауыпаз Тышқанбаев, Төлеу Тілеуов, Тынымбай Спанов – он түрлі бітім-болмыс, он түрлі мінез-құлық, ұстаным, ұлағат.

Мен осылардың ішінде Сауранмен, Ерболатпен жақын дос бола бастадым. Тасқарамен институт бітіргеннен тізе жаз-бай жүрдік те, ол «Қаракеткен» теміржол станциясына ұстаз болып аттанды да, сонда мектеп директоры болып көп жыл қызмет істеді. Содан көп жыл көріспедік те, зейнетке шығып, Қызылорда қаласына қоныс аударғанда бір-ақ рет жүздестік. Ол да мекенжайын іздеп тапқан Сауранның арқасы.

Ерболат Жүсіпов бауырмал, өмірден де, сөзден де құралмаған емес, жан-жақты жігіт болып шықты. Алматыға келген са-йын соғып, басымыз қосылып, көңіл көте-ретінбіз. Өкінішке қарай, тағдыр оны орта-мыздан ертерек алып кетті.

Ал Сауранмен әлі жұбымыз жазылмай келеміз. Не жасыратыны бар, бізді қосқан – алдымен жанакорғандық екеніміз. Екіншіден, бірге оқығандықтан ресми аға-інлі болып қарым-қатынас жасамасақ та, оның ағалық, үлкендік қамқорлығы. Осындай жүрек жылулығын сезінгеннен кейін сыйластығымыз артып, достығымыз нығая түскенін өзіміз де байқамай қалған тәріздіміз.

Ойымды осылай өрбіте отырып, Сау-ран досқа қатысты басты айтарым не? Ол менімен толық түсінісіп, бір-бірімізді та-ныып, табысқаннан бері тәңті-разы етумен, таңдандырумен келеді. «Қап, өттеген-ай!» дегізген кезі жоқ, сәл де ренжіткен емес. Бұған бағып оны періште емес, ерлігі мен еркіндігі, ақылы мен амал-айласы жоқ адам екен деп қалмаңыз. Ол да ет пен сүйектен жаралған жан. Қажет кезінде күрші те, құнбағыстың майын да көтеріп алып сатты, алғыс-сауап алып қана қоймай, қателіктің де кермек дөмін татты. Бүгінгі күн тарихын оқып-үйреніп қана қоймай, таным-тағалымын бала кезінен өмірінде жігіт пайдаланды. Менің макаламның та-қырыбының бір тармағын «Саураннан келген» деп қою себебім осыдан. Ол Ұлы Отан соғысы өрішіп тұрған қиын-қыстау, 1944 жылдың 10 ақпанында «Ескі Сауран» ауылында өмірге келіп, бір кездері атағы жер жарған Сауран қаласының демін-лебін сесті, түйсініп өсті.

Керемет кент, Жібек жолының бойын-да орналасқан Қазақ хандығына орталық та болған Сауран іргелегі ұлы Сырдариядан аяқсу алумен бірге орналасқан жері ас-тындағы балдай, тұщы суды да ішкен дейді. Тіпті кәріздер желісін тауып, бау-бақша да баптаған деседі. Сауран осының сарқытындай алуан құдықтарға «құлап» түбінен шұңқыр қазып, ойнап жетпеледі. Қадым ғасырлар қойнауынан қол үзбеген

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

Ақпарат

/// ОҚЫРМАН ОЛЖАСЫ

КӨРКЕМ ОЙДЫҢ КӨМБЕСІ

Қызылордада Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі, тарих және қоғамдық ғылымдар академиясының мүшесі, ғалым-публицист Қали Омаровтың «Парызға адалдық» кітабы оқырманға жол тартты. Жаңа еңбектің тұсаукесер рәсімі бейсенбі күні Ә.Тәжібаев атындағы облыстық кітапханада өтті.



Автор Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетіндегі еңбек жолын 1993 жылы бастаған. Осы аралықта оқытушыдан профессор деңгейіне дейін көтерілген. 2003 жылғы сәуір айынан бастап ғылыми-ұйымдастырушылық қызметте. Университеттің ғылым және жоғары оқу орнынан кейінгі білім саласында бөлім және басқарма басшысы, ғылыми зерттеу институты мен департамент директоры, проректоры секілді жолдан өтті. 2022 жылдан бастап университетте бас редактор болып еңбек етіп келеді.

Бұл автордың бірінші кітабы емес. Қали Омаров біраздан бері тарихи тұлғалардың өмірі мен азаматтық істерін зерттеп, Сыр өңірінің руханияты туралы еңбектерді жарыққа шығарды. 1 монографиясы, 11 кітабы, 16 ғылыми, оқу-әдістемелік құралы мен ұсынымдары, 570-тей ғылыми, танымдық және публицистикалық мақалалары, очерктері мен эсселері газеттерде, ғылыми жинақтарда, энциклопедияларда жарияланған. Сонымен қатар 15 кітаптың құрастырушысы, 85 кітап пен ғылыми жинақты саралаған білікті редактор. Республиканың және жергілікті бюджеттерден қаржыландырылған 6 ғылыми жобаның орындаушысы. Ал мақалалары енген «Сыр елі», «Қазақстан тарихы», «Қазақ көтерілістері» және «Ислам» энциклопедиялары арқылы біз оны ғалым-энциклопедист ретінде тани түсеміз.

Қали Омаровтың ұзақ жылдық ізденісі мен бастамасының нәтижесінде Қызылорда қаласының көшелеріне ел азаттығы, жер

тұтастығы үшін күрескен Батыр хан Қайыпұлы, Сыздық сұлтан Кенесарыұлы, Кетебай би Жолайұлы, Өтегілеу би Кетебайұлы, Пірәлі би Өтегілеуұлы, Зарқұм би Қуанышұлы сынды тарихи тұлғалардың, Кенес Одағының Батыры, ұшқыш Біліс Нұрпейісовтің, сондай-ақ Сырдария ауданының Іңкәрдария ауылының бір көшесіне үш әскери орденнің кавалері, соғыс және еңбек ардагері Әбді Омаровтың есімдері берілді.

Қызылорда қаласындағы «Жиенай» баспасынан жарық көрген «Парызға адалдық» кітабына зерттеулері, ғылыми, танымдық және публицистикалық мақалалары топтастырылған. Сонымен қатар әр жылдары жазылған рухани ағалары, достары мен әріптестерінің ой-пікірлері мен лебіздерін оқуға болады.

Кеште сөз алған Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, техника ғылымдарының докторы Серікбай Қошқаров, филология ғылымдарының кандидаты Ұлжан Жанбершиева, профессор, филология ғылымдарының кандидаты Ғабит Тұяқбаев автордың әдебиетке қосқан үлесін бағамдады. Жаңа еңбегінде қозғалған тіл, діл, тарих, патриотизм мәселелері жас ұрпақтың бойында ұлттық құндылықтарды арттыруға зор септігін тигізетінін атап өтті.

Кітап тұлғатану және отандық тарих саласына қызығушылық танытқан қалың көпшілікке арналған. Кеш соңында қатысушылар «Ұлт руханиятының жанашыры» атты кітап көрмесімен танысты.

«СБ» ақпарат

ТЕҢІЗ ҰЛТАНЫНА ДРОНМЕН ДӘН ЕГІЛЕДІ

Арал теңізі – әлемдегі ең ірі экологиялық апаттардың бірі ретінде танылған аймақ. Оның құрғаған табанында миллиондаған гектар тұзды жазықтар пайда болды. Бұл тұзды алқаптар улы шаңның негізгі көзіне айналды. Экологтардың бағалауынша, ондаған миллиард тонна тұз шөгіп, желмен мыңдаған шақырымға – Арктика мен Гималайға дейін тарайды. Улы заттармен, пестицидтердің қалдықтарымен қаныққан бұл шаң топырақты, суды, ауаны улап, миллиондаған адамның денсаулығына және тұтас өңірлердің азық-түлік қауіпсіздігіне қатер төндіреді.

Әлемдік мәселені шешуге бағытталған ауқымды жобаны Б.Өтемұратов қоры жүзеге асырады. Бастаманың серіктестері қатарында Қорқыт ата атындағы Қызылорда, Калифорния университеттері (Беркли) және Аралды құтқару халықаралық қорының Қазақстандағы атқарушы дирекциясы бар.

Студенттер сарайында өткен кездесуде жоба жетекшілері, ғалымдар пилоттық жобаны талқылап, оның тиімділігі мен мақсатын тағы бір нақтылады. Оған Қорқыт ата атындағы университеттің проректоры Майнұр Бөрібаева, Б.Өтемұратов қорының зерттеу, даму және интернационализация бойынша директоры Темірлан Ербосынов қатысты.

Бұл жоба Арал теңізі құрғаған табанының экожүйесін ұзақ мерзімді жақсартуға және Калифорния университетінің

(Беркли) ғалымдары әзірлеген инновациялық E-seed технологиясын сынақтан өткізуге бағытталған. Технология дрон көмегімен биологиялық ыдырайтын қабықтағы өздігінен топыраққа сіңетін тұқымды аэросебу әдісіне негізделген. Аталған тәсіл көгалдандырудың ауқымын және жылдамдығын арттырып, тұқымның топыраққа тереңірек енуін қамтамасыз етеді және еңбек шығындарын азайтады.

Біз көптеген дронмен егу тәсілін қарастырдық. Ең жақсы кейсті АҚШ пен Австралияда таптық. Бірақ ондағы өсім деңгейі 15-20 пайыздан аспайды. Одан әрі зерттеу барысында Беркли университетінің жасаған технологиясына тоқталдық. Оның ерекшелігі – дәнді жерге отырғызып, ылғалды өзіне жинайды. Сонымен бірге аптап ыстықтан, желмен ұшып кетуден, құстарға жем болудан қорғайды.

/// СЕМИНАР

КӨПСАЛАЛЫ КОЛЛЕДЖДЕГІ КӘСІБИ БАҒДАР

Қызылорда облысының білім басқармасы және Қызылорда жоғары көпсалалы колледжінің ұйымдастыруымен «Кәсіптік-техникалық мамандықтар: еңбек нарығының сұранысы мен болашағы» атты облыстық семинар өтті.

Семинар қонақтары колледждің оқу үдерісіне негізделген заманауи материалдық-техникалық базамен танысып, робототехника кабинеті, электрмен қамтамасыз ету, агротехника, автокөлік жөндеу, ветеринария, тігін шеберханасы, құрылыс кабинеттері, бағдарламалау зертханасы, музей және кітапхана бөлімдерін аралады. Арнайы жабдықталған оқу орындары білім беру сапасын арттыруға және болашақ мамандардың құзыреттілігін дамытуға бағытталғаны атап өтілді.

Жыны барысында техникалық және кәсіптік білім беру бөлімінің басшысы Бекжан Есен-



баев, облыстық кәсіпкерлер палатасының директоры Пірмұхаммед Сыздық, И.Әбдікәрімов атындағы Қызылорда политехникалық жоғары колледжінің директоры Абайбек Жүнісов, «Қызылорда жылу орталығы» МКК өкілі Нұрлан Байкен және Қызылорда жоғары көпсалалы колледжінің директоры Маржан Бисенова сөз сөйлеп, кәсіптік білім беруді дамыту бағыттары талқыланды.

даярлау. Дуальді оқытуды дамыту арқылы студенттер теорияны өндірістік тәжірибемен ұштастырады. Бүгінде білім алушылардың 60%-ы өндірісте тәжірибе жинақтап, түлектердің 80%-дан астамы мамандығы бойынша жұмысқа орналасып отыр. Студенттеріміз WorldSkills чемпионаттарында жүлделі орындарға ие болып, халықаралық деңгейдегі талаптарға сай біліктілігін дәлелдеуде», – деді ол.

Семинар аясында «Болашақ маманның бір күні» атты Workshop Vision ұйымдастырылып, қатысушылар өзара пікір алмасты және ұсыныстар жасады. Сонымен қатар, «Атамекен» өңірлік кәсіпкерлер палатасы және «Қызылорда нан» ЖШС мекемелерімен ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.

«СБ» ақпарат

ЖОБА

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ ЖЕРГІЛІКТІ МАҢЫЗЫ БАР ТАРИХ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ ЕСКЕРТКІШТЕРІН ПАЙДАЛАНҒАНЫ ҮШІН ЖАЛДАУ АҚЫСЫНЫҢ МӨЛШЕРЛЕМЕСІН БЕЛГІЛЕУ ТУРАЛЫ

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне астананы және республикалық маңызы бар қалаларды дамыту, ұлттық жобаларды, дамыту, кәсіпкерлік және мемлекеттік органдардың функцияларын оңтайландыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңы 17-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Қызылорда облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қызылорда облысының жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерін пайдаланғаны үшін жалдау ақысының мөлшерлемесі осы шешімнің қосымшасына сәйкес белгіленсін.

2. Осы шешім ресми жариялануға 2026 жылғы 20 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облыстық мәслихатының төрағасы М.Т.ІЕУМБЕТОВ

Қызылорда облысының жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерін пайдаланғаны үшін жалдау ақысының мөлшерлемелері

1. Қызылорда облысының аумағында орналасқан жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерін пайдаланғаны үшін жалға алудың қолданыстағы мөлшерлемелері (бұдан әрі – жалға алу мөлшерлемелері) «Қазақстан Республикасындағы

жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңы 6-бабы 1-тармағының 4-6) тармақшасына сәйкес белгіленеді және Қызылорда облысының аумағында орналасқан жергілікті маңызы бар тарихи және мәдениет ескерткіш-

терін пайдалану үшін жалға алу мөлшерлемелерін анықтайды.

2. Жалға алу мөлшерлемелері Қызылорда облысының республикалық маңызы бар қалалар санатына жатқызылуымен және жалға алу алаңның ескере отырып айқындалады.

№ р/н	Қалалар және елді мекендердің санаты
Тарих және мәдениет ескерткіштерінің түрлері	
1.	облыстық маңызы бар қалалар
2.	аудандық маңызы бар қалалар
3.	кенттер
4.	ауыл

ЕСКЕРТУ:

Мемлекеттік меншіктегі тарих және мәдениет ескерткіштерін пайдаланғаны үшін жалға алу ақысының мөлшерлемелері жалға алу ақысының мөлшерлемелерінен жалға алынатын алаңның шаршы метрдегі көлеміне көбейту жолымен шығарылады.

Жалға алу ақысының мөлшерлемелері «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сай қалалар мен елді мекендердің санаттарын ескере отырып анықталады.

Жалға алу ақысының мөлшерлемелері 1 шаршы метрге айлық есептік көрсеткіштерінде (ай сайын)		
Қала құрылысы және саулет ескерткіштері	Археология ескерткіштері, ансамбльдер мен кешендер, киелі объектілер	Монументтік өнер құрылыстары
0,8	0,6	1,0
0,6	0,4	0,8
0,4	0,4	0,6
0,2	0,2	0,4

Облыстық маңызы бар қалалар* – ірі экономикалық және мәдени орталықтар болып табылатын, дамыған өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымы бар және халқының саны 50 мың адамнан асатын елді мекендер;

Аудандық маңызы бар қалалар* – аумағында өнеркәсіптік кәсіпорындар, коммуналдық шаруашылық, мемлекеттік тұрғын үй қоры, білім беру және денсаулық сақтау ұйымдарының, мәдени-ағарту және сауда объектілерінің дамыған желісі бар, халқының саны кемінде 10 мың адам болатын елді мекендер;

кенттер* – халқының саны кемінде 3 мың адам

болатын елді мекендер.

Халық саны кемінде 2 мың болатын, жыл сайын емделу және демалу үшін келетіндердің саны кемінде олардың жартысын құрайтын, емдік маңызы бар жерлерде орналасқан елді мекендерде кенттерге теңестіріледі. Оларға азаматтардың жазғы демалыс орындары болып табылатын, ересек халықтың кемінде 25 пайызы ауыл шаруашылығы мен тұрақты түрде айналысатын саяжай кенттер де жатады;

ауылдар* – халқының саны кемінде 50 адам болатын елді мекендер.

www.facebook.com/syrboyi.kz/

Меншік иесі



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Марат АРАЛБАЕВ

қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ

қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)**Бөлімдер:**

руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)

экономика – 40-11-10 (1038, 1033)

әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)

жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)

есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38

компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті КР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. «АҚ» - ақылы қызмет. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптаның сейсенбі, бейсенбі, сенбі (сенбілік екі нөмір) күндері шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68.

Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

www.instagram.com/syrboyi.kz<https://twitter.com/syrboyi>